



**Азия Даму Банкінің өкілдігін құру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Азия Даму Банкі арасындағы Келісім туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы »1998 жылғы 29 тамыз N 814

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1997 жылы Манилада қол қойылған Азия Даму Банкінің өкілдігін құру туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Келісім
бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Азия Даму Банкінің өкілдігін құру туралы
Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Азия Даму Банкі арасындағы
КЕЛІСІМ

Азия Даму Банкінің өкілдігін құру туралы
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы
Келісім

Қазақстан Республикасы Үкіметі (бұдан әрі "Үкімет" деп аталады) және
Азия Даму Банкі (бұдан әрі "Банк" деп аталады) Банктің Қазақстандағы
Өкілдігіне қатысты келісім жасау ниетімен мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Айқындаулар

1. Егер түпнұсқасы өзгесін қажет етпесе, осы Келісімнің барлық тұсында пайдаланылатын терминдер келесі мәндерге ие болады:

(а) "Қазақстанның тиісті өкілетті органдары" - өкілеттіктер алған және Қазақстанда қолданылатын заңдарға, әдет-ғұрыптарға сай әрекет ететін өкілетті органдар;

(б) "Банктің архивтері" - Банкке немесе Банктің атынан тиесілі болып немесе сақталатын барлық жазулар, хат-хабар, құжаттар және басқа материалдар;

(в) "Асырауындағылар" - Өкілдіктердің қызметкерлері мен қызмет адамдарының қолдарындағы, негізінен, осылардың қаржылық қолдауына мұқтаж болып отырған, олардың жұбайлары, ата-анасы, балалары және басқалары сияқты тұлғалары;

(г) "Қазақстанның заңдары" - Қазақстанның Конституциясы мен заңдары, бұларға Үкіметтің немесе оның органдарының не, олардың өкілеттіктері бойынша шығарылған қаулылар, заңдар, жарлықтар, өкімдер, бұйрықтар кіреді;

(д) "Банк шақыратын кеңес" - Банктің немесе оның Өкілдігі шақыратын кезкелген халықаралық маслихаттарды немесе басқа жиналыстарды және осы тектес кез-келген комиссияларды, комитеттерді немесе шағын топтарды қоса алғанда, Банктің немесе Өкілдіктің шақыратын кеңесі;

(е) "Мүше елдер" - Банкке мүше елдер;

(ж) "Үй қызметкерлері" - Өкілдіктің қызметкерлері мен қызмет адамдарының үй қызметшілері міндетін атқарушы, Қазақстанның азаматтары емес тұлғалар;

(з) "Банктің қызметкерлері және қызметтік адамдары" - Банктің бүкіл қызметтік адамдары;

(и) "Өкілдіктің қызметкерлері және қызмет адамдары" - Банктің Өкілдікке тағайындаған өзінің бүкіл қызмет адамдары;

(к) "Банктің меншігі" - Банкке тиесілі немесе ол иеленетін немесе басқаратын қорларын, табыстарын және құқықтарын қоса алғанда, Банктің бүкіл активтері;

(к) "Мүше елдердің өкілдіктері" - осы ресми тұлғаларға көмектесетін

орынбасарларын, кеңесшілерін және техникалық сарапшыларын қоса алғанда, мүше елдердің делегацияларының тіркелген ресми тұлғалары;

(м) "Өкілдік" - Алматы қаласындағы өкілдік, Қазақстан;

(н) "Өкілдіктің тұратын жері" - Өкілдіктің алып отырған үй-жайы, бұларға ғимарат ішіндегі орындар, жеке тұрған ғимараттар және жақын жатқан жерлер кіруі мүмкін, олар Өкілдіктің мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін;

(о) "Тұрақты өкіл" - Банк тағайындайтын, Өкілдіктің бас атқарушы

ресми тұлғасы;

(п) "Қазақстан" - Қазақстан Республикасы.

2-бап

Заңдық құқық субъектісі

2. Банктің атап айтқанда, мынадай толық заңдық құқықтық субъектісі және толық қабілеті бар, олар:

(а) мәмле жасау;

(б) қозғалмалы және қозғалмайтын мүлік сатып алу және сатып өткізу;

(в) сотта талапкер болу.

3. Банк осы Келісімнің 2-ші тармағының талаптарын орындау үшін сатып алу арқылы немесе өзге түрде жер бөліктерін және басқа қозғалмайтын мүлік алуы мүмкін, бұлар Өкілдіктің болатын жерінің мақсаты үшін және Өкілдіктің қызметкерлері мен қызмет адамдарының, олардың асырауындағы адамдардың тұруы үшін қажет болуы мүмкін.

3-бап

Банктің иммунитеті

4. Азия Даму Банкін құру туралы Келісімнің 50-ші бабының талаптарына сай, Банк және оның мүлігі заңдық араласудың кез-келген түрінен иммунитет алады.

5. Банк меншігінің атқарушылық немесе заңдық іс-әрекеттердің нәтижесіндегі - тінтуден, тексеруден, тәркілеуден, тартып алудан немесе алып қоюдың, не, тұтқындаудың кез-келген басқа түрінен иммунитеті бар.

6. Банктің архивтеріне қай жерде болса да, қол сұғылмайды.

4-бап

Өкілдіктің тұратын жері

7. Банк өзінің Қазақстандағы операцияларын тиімді жүргізуді жеңілдету үшін Қазақстанда Өкілдігін салуы мүмкін.

8. Өкілдікті Тұрақты Өкіл басқарады және ол Банк тағайындаған басқа да қызметкерлерімен жинақталады.

9. Үкімет Банк өтініші бойынша Банкке Өкілдікті орналастыру үшін ғимарат және Өкілдіктің ұйымдары мен жұмысына қажетті қосалқы ғимараттар іздеуге көмектеседі.

5-бап

Өкілдіктің дербестілігі

10. (а) Өкілдік дербес құқықты және банктің басқаруы мен бақылауында болады. Қазақстанның билік құрылымдарының өкілдері қандайда бір міндеттерді орындау үшін Өкілдікке тек келісім бойынша және Банкпен немесе Өкілдікпен келісілген жағдайларда ғана кіре алады.

(б) Банк Өкілдіктің операцияларды толық және тәуелсіз жүзеге асыруды қамтамасыз ету және оның міндеттерін орындау мақсатында Өкілдіктің ішінде қолданылатын ережелер орнатуға құқықты.

11. Егер осы Келісімде басқаша айтылмаса, Өкілдіктің ішінде Қазақстанның заңдары қолданылады, ал Қазақстанның соты Өкілдікте жасаған іс-қимылдар бойынша сот жүргізуге құқықты.

6-бап

Өкілдікті қорғау

12. (а) Қазақстанның тиісті өкілетті органдары Өкілдіктің тұрақты жерінде тыныштықты сақтауға және оның территориясына заңсыз ену мақсатымен немесе Өкілдіктің тура қасында әлдебір адамдардың мазасыздық туғызу арқылы тыныштықты бұзбауын қамтамасыз етуге міндетті.

(б) Банктің немесе Өкілдіктің өтініші бойынша Қазақстанның тиісті өкілеттік органдары Өкілдікте заңдылық пен тәртіпті сақтау және оның территориясынан тәртіп бұзушыларды шығару үшін қажетті мөлшерде милиция

қызметкерлерін бөледі.

7-бап

Қызмет көрсету

13. Үкімет Банктің Өкілдікті ұстауға қажетті және оның міндеттерін тиімді орындауына керекті сенімді қызметтермен қамтамасыз етуіне жәрдемдеседі.

14. (а) Үкімет Өкілдікті қажетті қызметтер түрімен жабдықтауды, оларға қоса почта, телеграф, электр қуаты, газ, су, канализация жүйесі, жылу, дренаж, қоқсық жинау және өрт қауіпсіздігі қызметтерімен қамтамасыз етеді. Олар сапасы жағынан кез келген халықаралық ұйымдарға немесе үкіметтерге, олардың дипломатикалық миссияларын қоса алғанда, берілген жағдайлардан қолайсыз емес жағдайда берілуге тиіс. Егерде осы айтылған қызмет түрлерін беруде әлдебір іркіліс немесе іркіліс қаупі туған жағдайда Үкімет Өкілдік қызметіне нұқсан келмес үшін тиісті шаралар қолдануды қамтамасыз етеді.

(б) Электр қуаты, газ бен су Қазақстанның тиісті өкілеттік органдары немесе олардың қарамағындағы ведомстволары арқылы берілетін жерде, Өкілдік арнайы тариф бойынша жабдыкталады және олар кез келген халықаралық ұйымдарға немесе өкіметтерге, олардың Қазақстандағы дипломатиялық миссияларын қоса алғанда, берілетін төменгі ставкалардан, артық болмауға тиісті.

15. Егер қажет болса, Үкімет Өкілдіктің қызметкерлері мен персоналын

және олардың асырауындағы адамдарды орналастыруға арналған қолайлы тұрғын үй іздестіруде Банкке көмек көрсетеді.

16. Үкімет Банктің ресми түрде пайдалануына (Банк қызметкерлері мен қызметтік адамдарының қажеттерін қосқанда) қажетті автомобильдер мен басқа да транспорттық құралдарға қажетті жанар майды немесе басқа отынды және майлайтын майларды кез келген басқа халықаралық ұйымдар мен өкіметтерге олардың Қазақстандағы дипломатиялық миссияларын қоса алғанда, берілетін мөлшерде және баға бойынша бөліп тұрады.

8-бап

Банк меншігі және салық салу

17. Банк, оның меншігі және оның операциялары мен мүліктері мыналардан босатылады:

(а) барлық салықтан және төлем жөніндегі міндеттемелерден, салық немесе баждың қай түрін болса да жинау мен ұстап қалудан;

(б) Банктің ресми пайдалануы үшін импортталатын немесе экспортталатын кез келген тауарлар, заттар, автомобильдер, қосалқы бөлшектер мен баспасөз басылымдарын қоса алғанда (Өкілдік қызметкерлері мен персоналына пайдалануға арналған Банк импорттайтын заттарды қоса алғанда) барлық кедендік баждардан, барлық салықтар мен басқа алымдардан және төлем, ұстап қалу немесе кез келген кедендік баж жинақтары бойынша кез келген міндеттемелерден. Осындай жеңілдіктермен импортталатын кез келген тауарлар мен заттар Үкіметпен келісілген жерде, шарттарға сәйкес пайдаланылуға тиісті, олар кез келген басқа халықаралық ұйымдарға немесе үкіметтерге, олардың Қазақстандағы дипломатиялық миссияларын қоса алғанда, берілген шарттардан қолайсыз болмауға тиісті;

(в) Банктің ресми пайдалануына арналған тауарлар мен заттар, автомобильдердің қосалқы бөлшектер мен баспасөз басылымдарын қоса алғанда (Өкілдік қызметкерлері мен қызметтік адамдары пайдалануға арналған Банк импорттайтын заттарды қоса алғанда), импорттау мен экспорттауға жасалған барлық тыйым салулар мен шектеулерден.

9-бап

Қаржы құралдары

18. Ешқандай қаржылық бақылауға, нұсқауларға және қайсы бір шарттарға қарамастан Банк Қазақстанда мыналарды еркін жасай алады:

(а) Кез келген қорларды, валютаны, қаржы құралдары мен құнды қағаздарды сатып алуға, иеленуге, орналастыруға, қайсы бір валюталық шоттармен операция жасауға, қаржылық келісімдерге қосылуға және қаржылық контракттар жасасуға;

(б) Өз қорларын, валютасын, қаржылық құралдарын құнды қағаздарды Қазақстанға немесе Қазақстаннан, кез келген елден немесе кез келген елге, немесе Қазақстанның ішінде аударуға және кез келген валютаны кез келген басқа валютаға еркін айналдыруға.

19. Үкімет кез келген еркін айналыстағы валютаға айырбастай отырып, банкті өзінің Қазақстандағы шығындарын өтеуге қажетті мөлшерде және нарықтағы басым

немесе ресми түрде орнатылған өте қолайлы айырбастау курсы бойынша Қазақстанның ұлттық валютасымен оған жабдықтайды.

20. Үкімет Банктің айырбастау курсы, айырбастау мәмілесіндегі банктік

комиссиялар және осылар сияқты басқа операциялар бойынша өте қолайлы жағдайлар алуына жәрдемдеседі.

21. Банк Өкілдіктің орналасқан жерін ұстауға және Өкілдіктің міндеттерін тиімді орындауға қажетті шығындарын Қазақстандағы жергілікті валютамен өтеу мақсатында, Қазақстанның ұлттық валютасымен төленген Қазақстанның Банктің капиталдық қорларына жазылған төлемдерінің кез келген бөліктерін пайдалана алады.

10-бап

Жиналыс бостандығы

22. Банк Өкілдіктің орналасқан жерінің ішінде немесе тиісті уәкілдік органдардың келісімімен Қазақстанның кез келген жерінде жиналыс шақыруға құқықты.

23. Үкімет банк шақыратын жиналыстарда талдау мен шешім қабылдаудың толық бостандығына кедергі жасалмайтындығына кепілдік береді.

11-бап

Байланыс жүйелері

24. Банк өзінің ресми байланыс жүйелеріне, Қазақстандағы Үкіметтің басқа халықаралық ұйымдар мен үкіметтерге, олардың Қазақстандағы дипломатиялық миссияларын қоса алғанда, почта мен телеграфтық жіберілімдер, телекс, радиogramма, телефакс, телефон және тағы басқа байланыс жүйелері мен баспасөз, радио және теледидарға берілетін ақпараттар үшін баспа тарифтеріне қатысты артықшылықтар, баға қою, қосымша ақы бойынша жасалған жағдайлардан тиімсіз емес жағдайларды пайдаланады.

25. Үкімет Банкке транспорттық құралдарды пайдалану бойынша кез келген басқа халықаралық ұйымдарға немесе мемлекеттерге, олардың Қазақстандағы дипломатикалық миссияларын қоса алғанда, белгіленген тарифтер мен шарттарға

сәйкес жағдайларды қамтамасыз етеді.

26. Өкілдік адресіне келетін және одан шығатын барлық байланыс

жүйелері, қандай тәсілмен немесе қандай түрде жіберілгеніне байланыссыз, цензурадан немесе жолдан ұстап алудың кез келген түрлерінен немесе олардың құпиялылығына қол сұғудан иммунитетке ие болады.

27. Банк Қазақстанда шифрды пайдалану мен жіберуге және хат-хабарлар мен байланыс жүйелерінің басқа түрлерін курьер немесе сүргі соғылған қаптарда алуға құқықты және олар дипломатикалық курьерлер мен қаптарға көзделгеннен кем емес иммунитет пен артықшылықтар алуға құқықты.

28. Банк Өкілдікпен Қазақстанның ішіндегі де сыртындағы да байланысты жеңілдетуге қажет болуы мүмкін байланыстың бағытталған құралдарын және байланыс жүйелері мен хабар берудің басқа да құралдарын орната және пайдалана алады.

12-бап

Кету мен тұру

29. Үкімет мына адамдардың ешқандай бір шектеулерсіз және олардың азаматтығына байланыссыз Қазақстанға кіруін, тұруы мен Қазақстанның ішінде еркін қозғалуын және Қазақстаннан шығуын жеңілдетуге қажетті барлық шараларды жасайды:

(а) Мүше ел өкілдері мен олардың жұбайлары;

(б) банк қызметкерлері мен қызметтік адамдары және олардың отбасылары;

(в) Өкілдік қызметкерлері мен қызметтік адамдары және олардың асырауындағы адамдар мен олардың үй жұмысшылары;

(г) Банктің немесе Өкілдіктің ресми жұмыстармен шақырған басқа адамдары. Олардың аты-жөндерін Үкіметке Банк немесе Өкілдік береді.

30. Осы Келісімнің 29-тармағының шарттары Қазақстан Үкіметі және Келісімнің осы 29-тармағында аталған қандай да бір тұлғалардың бірі азаматы болып отырған елдің үкіметі арасындағы қатынастарға қарамастан қолданылады.

31. Қазақстанның шетелдіктердің келуін шектейтін немесе олардың болуының шарттарын реттейтін ешбір заңы осы Келісімнің 29-тармағында аталған тұлғаларға қолданылмайды.

32. Үкімет олардың еш кедергісіз, еш себеп-желеусіз, уақыт өткізіп жатқызбай, ақы немесе басқа төлемдер алмай және арыз берушілердің жеке дара болуын әдеттегідей талап етіп жатпай, осы Келісімнің 29-тармағында аталған тұлғалардың кез-келгеніне виза берулері үшін, Қазақстанның мүдделерін білдіретін тиісті департаменттер, елшіліктер, шетел өкілдіктері, консулдықтары және басқа ресми мекемелері үшін жалпы нұсқаулар шығаруда тиісті қадамдар жасайтын болады.

33. Үкімет және Банк Қазақстанға келуге жәрдемдесудің және Азия Даму Банкін ұйымдастыру туралы осы бабпен немесе Келісіммен берілетін артықшылықтарды пайдаланбайтын, шетелдерден келіп, Өкілдікке соғатын тұлғалардың жол жүрісінің қол жетерлік қаражаттарын пайдаланудың әдістері туралы ақылдасып отыруы мүмкін.

13-бап

Банк қызметкерлерінің және қызметтік адамдарының артықшылықтары және иммунитеті

34. Банктің тапсырмаларын орындайтын сарапшыларды бірге алғанда, оның қызметкерлері мен қызмет адамдары іштей және Қазақстанға қатысты келесі артықшылықтарды және иммунитетті пайдаланады:

(а) Банк оларды иммунитеттен босататын жағдайлардан басқа, айтылған немесе жазылған сөздерге және олардың қызметтік міндеттерін атқару кезінде жасаған іс-әрекеттеріне қатысты құқықтық процестен босататын иммунитет;

(б) Банк төлейтін жалақы және сыйақыларға қатысты салық салудан босату;

Бірдей мәртебесі бар дипломатиялық өкілдіктердің ресми тұлғалары үшін көзделгендерінен кем емес қолайлы негізде валюта айырбастаудағы шектеулерден босату;

(г) Дипломатиялық шабармандар үшін берілетін шарттар сияқты, халықаралық дағдарыстар кезінде олардың бағымындағылармен және үй қызметкерлерімен бірге отанына оралу үшін жасалатын жағдайлар;

(д) Сыйға беруге немесе сатуға көзделмеген жеке пайдаланылатын автомобильдер аспаптарды және басқа мүліктерді еркін, баж және басқа да алым-салық төлеусіз, тиым салып, шектеулерсіз импорттау құқы. Егер бұрынғы импортталған нәрселер және мүліктер (автомобильді қосқанда) сатуға, алып келуге немесе беруге жататын болса, онда Банк осындай сатылуға, алып келуге немесе беруге дейін күні бұрын Үкіметке тиісті хабарын беруге міндетті;

(е) Қазақстанда қызметке алғаш тағайындалғаннан кейін жеке пайдаланып, тұтынатын, сыйға тартуға немесе сатуға арналмаған азық-түліктің және басқа нәрселердің мөлшерлі санын, Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктерді қоса алғанда, басқа халықаралық ұйымдардың және үкіметтердікінен кем емес, қолайлы

жағдайлармен Үкімет пен Банк арасында белгіленген ресімдерге сай, импортталғанда баждан, басқа алым-салықтардан, тиым салып, шектеулер қоюдан еркін импорттайтын құқы.

35. Өкілдіктің қызметкерлері мен қызметтік адамдары, олардың бағымындағылар және үй қызметшілері Қазақстанда әскери немесе еңбек ету міндеттерінен босатылады. Қазақстан азаматтары бұл міндеттерден босатылмайды. Егер Өкілдіктің Қазақстанның азаматтары болып отырған қызметкерлері мен қызмет адамдары ұлттық қызметке шақырылатын болса, Үкімет, Банктің пікірі бойынша, бұл маңызды міндеттердің орындалуында елеулі кемшіліктерге әкелуі мүмкін болғанда, бұл мерзімді кейінге қалдыру үшін барлық күш-жігерді жұмсайды.

36. Осы Келісімнің 34 және 35-тармақтарында аталған иммунитет пен артықшылықтарға қосымша, Тұрақты Өкілдің өз қызметінде болмаған кезеңінде оның атынан әрекет ету үшін, Банк тағайындайтын кез келген ресми тұлғаны қоса алғанда, Тұрақты Өкіл жеке өзіне және жұбайына (зайыбына), кәмелетке жетпеген балаларына қатысты, халықаралық заңдарға сәйкес дипломатиялық шабармандар үшін берілетін артықшылықтарды және иммунитетті, шарттарды пайдаланады, салық және баж алымдарынан босатылып.

37. Банк немесе Өкілдік ресми істер бойынша Өкілдіктің Тұрған жеріне шақырған, Банктің тапсырмаларын орындайтын, қызметкерлері және қызмет адамдары сарапшылары емес тұлғалары (д) және (е) тармақшаларында көрсетілген, бірақ тек Қазақстанның азаматы емесінен өзге тұлғалардан басқа, осы Келісімнің 34-тармағында көрсетілген артықшылықтарды және иммунитетті пайдаланады.

38. Банк уақыты өткен сайын Банктің осы Баптың және 12-Баптың шарттары қолданылуға тиісті болатын қызметкерлері мен қызмет адамдарының және басқа тұлғаларының есімдерін Үкіметке хабарлайтын болады.

39. Үкімет осы Келісімде көрсетілген, артықшылықтарды пайдаланатын, салықтардан және баждан босатылатын және иммунитет алған барлық тұлғаларға Қазақстанның тиісті өкілетті органдарынан осыларды алған иесін салыстырып білулеріне, олардың осы Келісімде айқындалған артықшылықтар мен иммунитетті пайдаланатынын куәландыруға негіз болатын арнайы салыстырып ажырату карточкаларын береді.

40. Осы Келісімде сөз болатын артықшылықтар, иммунитет, салықтардан, баждан және қызмет көрсетуден босатылатын жағдайлар кім де кімнің жеке қамы үшін емес, Банкінің мүдделері үшін беріледі. Егер Банктің өзінің пікірі бойынша мұндай иммунитет заңдық талқы жүргізуге кедергі болса және иммунитетінің алынуы оның берілетін мақсаттарына зиянын тигізбейтін болса, Банк кез-келген тұлғаны иммунитеттен айыратын болады.

41. Банк осы Келісімде айтылған артықшылықтарды, иммунитетті және салықтан, баж алудан, қызмет көрсетуден босатылатын жағдайларды теріс мақсатында

пайдалануды болдырмау үшін барлық шараларды қолданады және осы мақсаттар үшін қажетті және дұрыс деп табылған ережелер мен нұсқаулар белгілейді. Егер Үкімет теріс бабында пайдалану орын алған деп тапса, Үкімет және Банк бірлесіп ақылдасуға тиісті.

14-бап

Даудың шешілуі

42. Үкімет пен Банк арасындағы осы Келісімнің түсіндірілуіне немесе қолдануына немесе кез келген қосымша келісімдерге қатысты кез келген дау немесе келіссөздер немесе басқа келісімді тәсілдермен арқылы шешіле алмайтын, Өкілдіктің тұрған жерін немесе Үкімет пен Банк арасындағы қарым-қатынасын қозғайтын кез келген мәселелер түпкілікті шешу үшін үш төрелік сотқа берілетін болады. Олардың бірін Үкімет, басқасын - Банк тағайындайды, ал соттың төрағасы болатын үшіншісі - алғашқы екі төрелік соттың өзара келісуі бойынша таңдалады. Егер алғашқы екі төрелік сот үшіншісі туралы келісе алмаса, онда Үкімет пен Банк үшінші төрелік сотты таңдауды Халықаралық Соттың Президентінен сұрайды. Түпкілікті де міндетті шешімге келу үшін төрелік соттардың кәдімгі көпшілік дауыстары жеткілікті. Үшінші төрелік сотқа келісім болмай отырған кез келген жағдайларда ресімнің барлық мәселелерін шешуге билік берілетін болады.

43. Осы Келісімнің 42-тармағында сілтеме жасалатын сот Тұрақты Төрелік Соттың Бір жағы тек мемлекет болып табылатын екі тарап арасындағы дауларды шешу жөніндегі ерікті ережелерді қабылдап сақтайтын болады.

15-бап

Басқа ережелер

44. Үкіметтен басқа, Қазақстан Республикасының өкілетті органдарына осы Келісімнің міндеттемелер қоятын барлық тұсында, Үкімет бұл міндеттемелердің толық орындалуын қамтамасыз етеді.

45. Осы Келісімнің ешбір ережесі Азия Даму Банкін ұйымдастыру туралы Келісімнің өзгертулері немесе түзетулері болып саналмайды және Азия Даму Банкін ұйымдастыру туралы Келісімде көрсетілген құқықтарды, иммунитетті, салық, баж төлеуден босатылатын жағдайларды бұзу немесе шектеушілік болып

саналмайды.

2. Бұл Келісім Қазақстандағы Банк Өкілдігінің Банктің қызмет-міндеті мен мақсатына сәйкес жүзеге асыратын операцияларына қатысты болып түсініледі және Өкілдікке, оның қызметкерлеріне, Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктерді қоса алғанда, халықаралық кез келген басқа ұйымның және үкіметтікінен кем емес қатынастарды қамтамасыз етуге бағытталған.

3. Банк бұдан әрі Үкіметтің ішкі пайдалануы үшін қазақ және орыс тілдеріне аударма жасалып жатқан уақытта, Келісімнің 47-тармағына және Азия Даму Ұйымы туралы Келісімнің 39-тармағына сай, Келісімнің жетекші тілі - Ағылшын тілі болатынын нақтылап алады.

4. 1-бап, 1-тарау (с) Бағымдағылар терминін айқындау.

"... басқа да тұлғалар" - сөзі Өкілдіктің қызметкерлері мен қызмет адамдарына қаржылай тәуелді болып отырған әйелінің (ерінің) ата-анасына, аға-інілеріне, апалы-сіңлілеріне және басқа да жақын туыстарына қатысты болуға тиіс деп түсініледі.

5. 5-бап, 10-тарау (а) - Өкілдіктің болатын жеріне тиюге болмайтындығы.

Қазақстанның тиісті ресми тұлғалары тез қимылды қажет ететін жер сілкінісі немесе өрт сияқты төтенше жағдайларда Өкілдіктің ішіне кіруі мүмкін деп, түсініледі.

6. 6-бап, 12-тарау - Өкілдіктің болатын жерін қорғау.

Банк қауіпсіздіктің ішкі жүйесін Өзі ұйымдастыратынын нақтылап алады. Алайда, Өкілдіктің болатын жерінің ауданында жалпы толқулар немесе мазасыз жағдай болғанда немесе бөгде адамдар Өкілдіктің ішіне рұқсатсыз кірген жағдайда, Өкілдіктің тиісті ресми тұлғалары, әрине, олардың Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктерін қоса алғанда, халықаралық ұйымдар мен үкіметтердің барлығына қатысты болатын қорғануды қамтамасыз етуге тиісті.

7. 7-бап, 14-тарау (а) - қызмет көрсету.

Үкімет осы тарауда аталған кейбір қоғамдық қызмет түрлерінің жетіспеушілігі етек алып отырғандықтан, олардың әрдайым тұрақты негізде көрсетіле бермейтінін хабардар еткен. Алайда, Үкімет олардың Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктерін қоса алғанда, халықаралық басқа ұйымдар мен үкіметтерге көрсетілетін қатынастар Өкілдікке де болатынына Банкті сендірген.

8. 9-бап, 20-тарау - қаржы-қаражат.

Үкімет Қазақстандағы айырбас бағамы қор биржасындағы сауда-саттық жүйесімен айқындалатынын және уақыт өткен сайын осындай сауда-саттықтың нәтижелеріне байланысты өзгеріп отыратынын түсіндірген. Банк осындай жүйе нәтижесінде айқындалған аса қолайлы бағамды пайдалануға құқық алатын болып шешілді.

Үкімет және банктің құрметті, тиісті түрде өкілеттіктері бар өкілдері

осы Келісілген Хаттамаға қол қойды.

Қазақстан Республикасы
үшін

Азия Даму Банкі үшін

Премьер-Министрдің
Бірінші орынбасары

Митсун Сато
Президент

Мерзімі
Алматы, Қазақстан

Мерзімі
Манила, Филиппин